

Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесін және жұмыс істеуге қабілеті бар мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 15 мамырдағы N 212 қаулысы. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 10 маусымда N 3-9-64 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 261 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2009.07.08 N 261 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 15, 31 баптарына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабы 4 тармағына сәйкес "Ақтөбе облысының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесі N 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Жұмыс істеуге қабілеті бар мүгедектер үшін аудандағы кәсіпорындар мен мекемелердегі жұмыс орындарының жалпы санының үш процент мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы N 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты белгіленген қаражат шегінде қамтамасыз ету аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бастығы **Ғ. Асқаровқа** жүктелсін.

4. Аудандағы халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмыс істеуге қабілеті бар мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы **А. Шотовқа** жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б. Қаниевке** жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа 10 күннен кейін енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Шаңғұтов

Мұғалжар

ауданы

әкімдігінің

2008

жылғы

15

мамырда

N

212

қаулысына

N 1 Қосымша

Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесі

Р/с	Мекеме атауы	Қабылданатын адам саны	Жұмыс істеу мерзімі
1.	"Техник"-ЖШС	10	6 ай
2.	"Нута"-ЖШС	5	6 ай
3.	ТҮК "Көнек"	2	6 ай
4.	Ш/қ "Арман"	4	6 ай
5.	Ш/қ "Конжар"	4	6 ай
6.	Ш/қ "Даурен"	3	6 ай
7.	Ш/қ "Ойыл"	2	6 ай
	Барлығы	30	

Мұғалжар

ауданы

әкімдігінің

2008

жылғы

15

мамырда

N

212

қаулысына

N 2 Қосымша

Жұмыс істеуге қабілеті бар мүгедектер үшін аудандағы ұйымдардың жұмыс орындарының жалпы санының үш процент мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы

Р/с	Квота белгіленген мекеме, кәсіпорын атауы	Жұмыс істеушілер саны	Жұмыс орнының 3%
1.	"Октябрьмұнай" мұнай-газ өндіру басқармасы	1053	31
2.	"Актөбемұнаймашкомплект" ЖШС	219	7
3.	АҚ "Көктас"	567	17
4.	Қандыағаш вагон пайдалану депосы	300	9
5.	Арнайыландырылған техника басқармасы Қандыағаш	1924	58
6.	"Вернал Ойл Казахстан" ЖШС	109	3
7.	КТМ N 4	67	2
	Барлығы	4239	127